

ҚР «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген. Алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі

Заңға 5 тармақтан тұратын жаңа 8-1 бап «Шарт жасасу кезінде тұтынушылардың құқықтарын бұзатын талаптар» қосылған.

ҚР «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңы, сауда объектілерде ресми түрде фото және бейне түсірілім рұқсат етілген. *Фото және бейне түсірілімге тыйым салуға ешкімнің құқығы жоқ. Бұл, сөзсіз, сатып алушылар үшін пайдалы түзету. Әртүрлі жағдайлар болады, мысалы, чектің бағасы заттаңбасында көрсетілгенге сай келмейтін. Адам барып мұны камераға түсіре алады. 24 бапта нақты белгіленген: «Тауардың бағалар заттаңбасымен ресімделген, сауда объектісінің ішкі және (немесе) сыртқы витриналарына қойылған, көрсетілген құнына сәйкес сатушы (дайындаушы) сатуға міндетті, ал тұтынушы сатып алуға құқылы». Заңға өзгертулер енгізілгенге шейін тұжырымдама қарапайым тұтынушыға түсініксіз болған. Тұтынушылар жиі бұл норма туралы білмейді де. Сондықтан, егер кассир оларға дүкенде тауардың бағасын алмастыруға ілгермедік десе, адамдар көтерілген бағамен келісіп, кетіп қалады. Ескі қағиданың жаңа түрі түрліше түсінулерден көмектеседі.*

25 бапта – «Бір тілде не шет тілінде берілген ақпарат берілмеген болып есептеледі».

26 бапта - Сатушы (дайындаушы, орындаушы) уәкілетті органның мекенжайын және телефон нөмірін, тауарларды өткізу (жұмыстарды орындау, қызмет көрсету) шарттарын, сондай-ақ қазақ және орыс тілдерінде сатушының тауарды сату (жұмысты орындау, қызмет көрсету) кезінде тауарды сатып алу (жұмысты орындау, қызмет көрсету) фактісін растайтын құжатты беру міндеті туралы ақпаратты маңдайшаға орналастыра отырып, көрсетілген ақпаратты тұтынушының назарына жеткізуге міндетті.

28 бап - Тұтынушыны тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) өзіне қажетсіз мөлшерде және (немесе) ассортиментте сатып алуға мәжбүрлеуге тыйым салынады.

30 бапта - *ақаулы тауарды жаңа тауарға алмастыру үшін енді сатушыға 10 күн бөлінген. Бұл бар болған 30 күнге! Сондай-ақ, тауарды диагностикалағанда сатып алушының қатысу мүмкіндігі қосылған. Техтөксеуіге сенім білдірген адамды да жіберу мүмкін. Диагностикасы аяқталған бойынша, сондай-ақ жаңа түзілулерге сай, сатушы жүргізілген жұмыстар туралы құжат ұсыну міндетті. Қолданыстағы заңда ұқсас талаптар жоқ. Қосылған 10 күн үшін тұтынушы ұтып алмайды, әрине. Сатушы сатып алушының талабы бойынша сапасыз тауарды жаңа тауарға дереу алмастыруға міндетті. Ал енді кәсіпкерге қосымша 10 күн беріледі. Барлығы – адам 40 күнге дейін күтетін алады. Бұл егер диагностиканы жүргізу уақыты қосылғанда. Қосымша 10 күн күтпеу үшін, тауарды диагностикалаған кезде сатушыға жүгініп, кейін тауарды алмастыру немесе ақшасын қайтару туралы хабарлауға тиіссіз. Яғни, сатушы, мүмкін тауарды алмастыруға болатынын біліп, оны жеткізуге алдын ала дайындалады. Бұл түзету маңызды, өйткені қазір кәсіпкер, мысалы, техника қалаға келгенше күтіп, тауарды алмастыруын ұзаққа созатыны мүмкін. Заң жобасында нақты шектеулер бар – 10 күн- деп көрсетілген.*

Адамдардың көбі қолданыстағы заңда әрбір сапасыз тауардың екі жылға дейін кепілдігі бар екенін білмейді. Яғни, егер кепілдік талонда ең қысқа мерзім көрсетілсе де, тұтынушы екі жыл ішінде сапасыз тауардың ақшасын қайтарып алуға, оны айырбастыруға немесе жөндеуін талап етуге құқылы.

Алайда, ең жақсы жаңалығы «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңы бұзылғанда фирмаларды әкімшілік жауапкершілікке ендіру болып табылады. Қазіргі сатушылар тауарды айырбастауға асықпайды, өйткені нормаларға назар салмаса да ешқандай жауапкершілікке тартылмайтынын біледі. Ал салмақты айыппұл салынатын болғанда ғана клиентке ақпарат беруден бас тарту алдында мың рет ойланады. Ең қызықтысы — заң жобасында Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің өкілеттілігі кеңейтілген. Ведомство әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғайды және жүргізеді; тұтынушылардың құқықтарын қорғауда сотқа жүгіне алады және т.б. Яғни, енді мемлекеттік органда тек қана кеңес алмай, нақты көмекке де жүгінуге болады.

ҚР «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау» заңнамасының 4-бапы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің тұтынушылар құқықтарын қорғау саласындағы құзыреті Қазақстан Республикасының Үкіметі - отырыстарда жылына екі реттен сиретпей тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелерін қарайды; жыл сайын I маусымнан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Президентіне тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың жай-күйі туралы жылдық есепті жібереді.

Орындаушы «ҚР Ұлттық экономика Министрлігі тұтынушылардың құқықтарын қорғау Комитетінің Қостанай облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау Департаментінің Жігіқара аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы» РММ тұтынушылардың құқықтарын қорғау және мониторинг бөлімінің бас маманы Самбетова Ш.Т.